

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 2 (2021)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/GSYO5936>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/SDDY4857>

***С. С. Аубакирова, Г. А. Жумабекова, Г. Т. Артыкбаева,
З. С. Искакова, Р. Г. Жаябаева**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

КӘСІПКЕРЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУЫ МЕН РӨЛІ

Бұл мақала ҚР Білім және ғылым министрлігінің қаржыландырылу негізінде жазылды (грант АР09058294)

Бұл мақалада университеттердегі кәсіпкерлік білім берудің дамуы мен рөлі, ерекшеліктері, артықшылықтары мен қажеттілігі қарастырылады. Білім алушылардың кәсіпкерлік ойлау жүйесін қалыптастыруды және жаңа инновациялық, технологиялық жобалар толқынын тудыру қажеттілігі айқындалады.

Шетелдердегі, Ресейдегі және Қазақстандағы кәсіпкерлік білім берудің дамуы, ерекшеліктері сипатталады. Дамыған елдердегі кәсіпкерлік білім берудің тәжірибесі ұсынылады, салыстыру жүргізіледі. Кәсіпкерлік білім беру ұғымына, оның қажеттілігіне тоқталып, нәтижелеріне талдау жасалады. Сонымен қатар кәсіпкерлік білім берудегі стартап академиясының рөлі мен тиімділігі сипатталады. Кәсіпкерлік білім берудегі Торайғыров университетінің дамуы мен рөлі айқындалады. Стартап, жобалық оқытудың негізінде нақты қандай нәтижелерге қол жеткізгендігі қарастырылады.

Университетте стартаптар түрлі салалардағы кез келген идеялармен қатыса алатын жалпы сипаттағы ивенттерден басқа, Академия әскелеген салаларға көңіл бөле бастағандығы және IT саласын дамыту және жалпы цифрландыру тақырыбында IT HUB және Павлодар облысының ИИДМ бірлесіп үш Хакатон өткізілгені сипатталады. IT-технологиялармен байланысты стартаптар: Flappy Brow, сонымен қатар AR-оқыту: «Менің арманым. Startup Volashak» оқыту процесіне интерактивті форматта қажетті ақпаратты қабылдауға мүмкіндік беретін AR-технологияларын енгізілгені туралы айтылады.

Кілтті сөздер: кәсіпкерлік білім беру, кәсіпкерлік университет, кәсіпкерлік ойлау, кәсіпкерлік білім берудің артықшылықтары, стартап академиясы.

Кіріспе

«Кәсіпкерлік университет» (entrepreneurial university) термині соңғы жылдары университеттік менеджмент мәселелерімен айналысатын мамандардың лексиконына нық енгені белгілі. Қазіргі кезде кәсіпкерлік білім беру, кәсіпкерлік университеттер туралы бірқатар жұмыстар атқарылып, түрлі ғылыми еңбектер жарық көруде.

Бүгінде университеттерден ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру және ғылымды қажетсінетін жаңа кәсіпорындар құру арқылы білімге негізделген экономиканы дамытуға неғұрлым белсенді үлес қосу талап етіледі. Бұл міндеттерге кәсіпкерлік университеттің (Entrepreneurial university) немесе «Университет 3.0» моделі толық көлемде жауап береді деп айта аламыз. «Университет 3.0» тұжырымдамасын 1998 жылы Кларк әзірлегені белгілі. Яғни, ғылыми айналымға «Entrepreneurial Universities» ұғымы, термині енгізілді. Егер зерттеушілердің пікірлеріне сүйенетін болсақ, «Университет 3.0» – бұл өз қызметін қамтамасыз ету үшін қосымша қаржы ресурстарын тарта алатын, оқытудың инновациялық әдістерін қолдана отырып, университет зерттеушілерінің дамуы жүзеге асырылатын бизнес-қауымдастықпен тығыз қарым-қатынас орната алатын жоғары білім беру мекемесі. Бүгінгі таңда зерттеушілер кәсіпкерлік университеттің екі моделін ажыратады. Бірінші модель жоғары технологиялық стартап және спин-офф-компанияларды қалыптастыру үшін студенттерге, оқытушылар мен түлектерге қолайлы жағдайлардың болуын алға тартады. Ал екінші модель нарыққа жаңа ғылыми-техникалық өнімдер шығаратын және сол арқылы қаржы ресурстарын тартатын, сондай-ақ мемлекеттік ресурстардан өзінің тәуелсіздігін арттыратын қуатты ғылыми орталық құруды көздейді.

«Кәсіпкерлік университеттің моделінің ерекшелігі мен рөлі мыналардан көрінеді:

- қаржыландыру көздерін әртараптандырады және өзінің қоғамдық және мемлекеттік институттарға тәуелділігін төмендетеді;
- қызметтің әртүрлі салаларында инновациялық жобаларды іске асыруға қабілетті, креативті кәсіпкерлік ойлау қабілеті бар бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауды жүргізеді;
- жаңа білімдерді өндіруді және оларды капиталдандыруды жүзеге асырады;

- қоғам мен нарық талаптарының өзгеруіне тез бейімделуге қабілетті икемді ұйымдық құрылымға ие;
- ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру мақсатында оқытушылар мен студенттердің жаңа кәсіпорындар құруын көтермелейді;
- жаңа білімді молықтырудың толық циклын іске асырады (идеяларды жинақтаудан инновациялардың тәжірибелік үлгілерін жасауға дейін);
- білімнің, ғылымның, бизнестің интеграциясына ықпал етеді және сол арқылы елдің инновациялық дамуы үшін алғышарттар;
- инновациялық аумақтық кластерді дамыту орталығы болып табылады» [1].

Зерттеу әдістері

Зерттеу нысанымыз – кәсіпкерлік білім берудің артықшылықтары, **зерттеу пәні** – кәсіпкерлік университеттердің дамуы мен рөлі.

Кәсіпкерлік университеттердің дамуы мен рөлін зерттеуде салыстырмалы талдау әдісі негізге алынды. Зерттеу барысында мынандай **зерттеу мақсаттары** айқындалды:

- кәсіпкерлік білім берудің ерекшеліктері мен артықшылықтары;
- кәсіпкерлік университеттердің даму траекториялары;
- кәсіпкерлік білім берудің тиімділігі мен нәтижелері.

Аталмыш зерттеу жұмысы КЕАҚ «Торайғыров университеттің» «Кәсіпкерлік университет ҚР-дағы жоғары білімді трансформациялау тәсілі ретінде: ауысу мәселелері» тақырыбындағы іргелі зерттеулер жобасының аясында орындалған. Бұл жоба білім беру саласындағы іргелі зерттеулер бағытында бекітіліп, ҚР Білім және ғылым министрлігінің қаржыландыруында.

Ақпарат алу және қазіргі заманғы кәсіпкерлік университеттерді анықтау үшін бұл тақырыпты сандық және сапалық тәсілдермен зерттеу жоспарланды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Кәсіпкерлік білім беруде дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, АҚШ университеттеріндегі кәсіпкерлік белсенділіктің негізгі көрсеткіштері технологияларды трансферлеу және коммерцияландыру, яғни патенттеу, лицензиялау және ғылымды қажетсінетін стартаптарды құру болып табылады. Ал британдық университеттерде өздерінің кәсіпкерлік қызметін кеңінен түсінуге баса назар аударады, яғни түлектердің кәсіпкерлік дағдылары мен мінез-құлқын қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Ресейде ЖОО 3.0 университеттеріне трансформациялау «ЖОО-лар инновациялар құру кеңістігінің орталықтары ретінде» басым жобасы шеңберінде жүзеге асырылады. Сингапурда «Университет 3.0» моделіне көшудің тұжырымдамасы университеттің зерттеу және оқыту функциялары

шеңберінде кәсіпкерлік бағыттылықты күшейтуді, әсіресе университеттік білім мен әзірлемелерді коммерцияландыруды жандандыру, кәсіпкер ретінде ойлайтын студенттерді оқытып шығаруды алдыңғы қатарға қояды. Сонымен қатар, білім беру мекемелерінің кәсіпкерлік белсенділігі инновациялық кәсіпорындарды құруды міндетті түрде көздемейтінін, ол студенттердің бойында кәсіпкерлік құзыреттерін қалыптастырумен, гранттарды тартумен, технологиялар трансферінің университеттік орталықтары арқылы ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландырумен және т.б. байланысты болуы мүмкін екенін атап өткен жөн, алайда кәсіпкерлік құзыреттердің бірыңғай тізбесі жоқ екенін де естен шығармағанымыз абзал. Оларды зерттеудегі алғашқы әрекеті 1986 жылы АҚШ Халықаралық даму агенттігі (USAID) жүргізген кең ауқымды мәдениаралық зерттеу барысында жасалған болатын. Құзыреттілік жетістіктері (бастама, көреді және мүмкіндіктерін пайдаланады, жоғары сапалы жұмыспен қамту, қамқорлық, келісім-шарт бойынша міндеттемелер, тиімділігін бағдарлау); ойлау құзыреті және проблемаларды шешу (жүйелі жоспарлау, проблемаларды шешу); директивалық және бақылау (табандылық, бақылау); басқаларға бағдарлану (іскерлік қарым-қатынастың маңыздылығын мойындау). Кәсіпкерлікке оқытудан басқа, студенттерді ресми оқыту арқылы және студенттік стартаптарға қаржылық және консалтингтік көмек көрсетуді қамтамасыз ететін студенттік кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын құру арқылы да кәсіпкерлік процеске тікелей тартуға көп көңіл бөлу қажет.

Біздіңше, ЖОО-ның білім алушыларында кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыруды және жаңа инновациялық, технологиялық жобалар толқынын тудыру қажет. Кәсіпкерлік ойлау – қолданыстағы ғылыми негіздерді түсініп қана қоймай, сонымен қатар тұтынушылардың, өнеркәсіптің, экономиканың нақты міндеттеріне бағытталған, оларды қолданбалы енгізуді қамтамасыз ете алатын сапаның жаңа деңгейіндегі маман қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кәсіпкерлік университетінің экокүйесі студенттер мен түлектерге ғана емес, сондай-ақ университеттің барлық қызметкерлеріне де әсер етеді. Жоғары білім беру мекемесінде инновацияларды қолдаудың, зияткерлік меншікті басқарудың, қызметкерлер арасында кәсіпкерлік білім берудің дамыған жүйесі құрылуы керек деп санаймыз.

«Кәсіпкерлік университеттердің дәстүрлі университеттерден ерекшелік белгілері: 1) білімді коммерцияландыру арқылы қаржыландыру көздерін әртараптандырады (патенттер, лицензиялар, зерттеу жобалары, құрылған кәсіпорындар пайдасының үлесі); 2) білім мен технологияны дамыту мен пайдалануды ынталандыру үшін кәсіпкерлермен, инвесторлармен, ұйымдармен және институттармен белсенді жұмыс істейді; 3) заманауи

тәсілдер мен принциптерге негізделген менеджмент жүйесін құрады, бәсекелестік стратегияларды әзірлейді және енгізеді, өздерінің ұйымдық құрылымын бейімдей алады; 4) барлық академиялық қоғамдастықтың кәсіпкерлік мәдениетін және кәсіпкерлікке оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді; 5) студенттер мен түлектердің кәсіпорындар құруын, сондай-ақ университет ішінде инновациялық жобаларды іске асыруды ынталандырады; 6) кәсіпкерлік капиталды құру үшін ойлауды, көшбасшылық қасиеттерді және институттарды дамытады» [2]. Демек, кәсіпкерлік университетті басқарудың барлық жүйесі білім беру мен зерттеу қызметіне, әлеуетті кәсіпкерлер ретінде қарастырылатын студенттер мен қызметкерлер қауымдастығына негізделуі керек.

Қазақстандағы кәсіпкерлік білім беруге келетін болсақ, соңғы онжылдықта қарқынды өзгерістер жүзеге асырылуда, инновациялық әлеует артып, кәсіпкерлік білім беруді және өңірлік инновациялық кластерлерді дамыту үшін жағдайлар жасалуда. Мемлекет, бизнес және ЖОО-ның өзара ара-қатынасынсыз тұрақты инновациялық экономиканың дамуы мүмкін емес. Мәселен, «2017 жылдың деректері бойынша Қазақстанның 8 жоғары оқу орны кәсіпкерлік деп жарияланды, олардың ішінде AlmaU, Naqhoz, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, «Тұран» университеті, UIB бар. «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы базасында қазақстандық кәсіпкерліктің білім беру қауымдастығы құрылды. Қазақстанның барлық өңірлерінен 20-дан астам ЖОО Ассоциацияға мүше болды. Ұйым Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен жұмыс істейді. Қауымдастықтың міндеттері кәсіпкерлік университеттерді дамыту және қолдау, білім, тәжірибе алмасу және бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін алаң құру, ПОҚ, студенттер мен ЖОО қызметкерлерінде кәсіпкерлік ойлауды дамыту, кәсіпкерлік білім беруді дамытудың өңірлік саясатын қалыптастыру, кәсіпкерлік білім берудің әдіснамасы мен идеологиясын дамыту болып табылады» [3].

Университеттік білім беру саласындағы заманауи зерттеулерге сәйкес университеттің үш негізгі миссиясы бар: білім беру және жинақтау, ғылыми зерттеулер жүргізу және ғылыми өзіндіктерді коммерцияландыру. Ортағасырлық Еуропада пайда болған алғашқы университеттер қалалардың өсуіне, ауылшаруашылық өндірісінің жақсаруына, сауданың өркендеуіне және ақша экономикасының пайда болуына байланысты болғанын жақсы білеміз. Жинақталған іргелі білімді алу және көбейту, сондай-ақ кәсіптік даярлық алған мамандарға деген қажеттіліктің пайда болуы университеттердің пайда болуы мен өсуіне ықпал ететін факторға айналған болатын. Осылайша, «орта ғасырлардағы университеттердің басты міндеті

мәтіндерде жинақталған білімді оқытушылардан студенттерге беру болды, кейіннен университеттік білім теоретиктері университеттің алғашқы миссиясы деп атады. 18 ғасырдан бастап, ғылыми ойдың дамуымен қатар, Батыс Еуропа университетінің білім беру жүйесі ғылыми құрамдас бөлікке ие болды. Университеттерде жаңа эмпирикалық білім негізінде ғылыми қауымдастықтар пайда болады, ал университеттер сол кезден бастап білімді берумен қатар қосымша функцияны – ғылыми білімді өндіруді бастады. Білім беруді олардың ұрпақтарымен біріктіру еуропалық университеттерге жаратылыстану пәндерінің пайда болуы мен таралуына байланысты оқытылатын пәндер спектрін кеңейтуге, оқытушылар мен студенттердің санын көбейтуге, діни догмадан босатудың алғышарттарын жасауға мүмкіндік берді. 20 ғасырдың аяғында батыс парадигмасындағы (негізінен АҚШ-та) университеттердің рөлінің жаңа тұжырымдамасы қалыптаса бастады. Университеттің жаңа міндеттерінің пайда болуының алғышарттары: ғылыми-техникалық прогресс (білімнің жаңа салаларының пайда болуы, мысалы, бағдарламалау), кәсіпкерліктің кең қол жетімділігі және кәсіпкерлікті қаржыландырудың жеңілдігі, университеттер арасында студенттер, қаржыландыру, оқытушылар үшін бәсекелестіктің күшеюі (университеттерді қызметтің жаңа модельдерін іздеуге мәжбүр ету) жасалды. Нәтижесінде XX ғасырдың екінші жартысында АҚШ-та табысты ғылыми және экономикалық дамудың кепіліне айналған университеттік 245 білім беру мен бизнестің бірегей бірлестігі (Стэнфорд университеті) қалыптасты. Осындай сәтті өзара әрекеттесудің нәтижесінде Кремний алқабы пайда болды, онда әлемнің ең жақсы мамандарын тартатын және АҚШ-тың қуатты экономикалық орталығы болып табылатын жүздеген инновациялық компаниялар құрылды. Бүгінгі таңда ғылыми білім мен әзірлемелерді сәтті коммерциялай алатын мұндай университеттер «кәсіпкерлік университеттер» деп аталады» [4].

2000 жылдары Еуропада білім қоғамын құрудағы басты рөл университеттерге берілді, өйткені олар ғылыми зерттеулер, білім беру және инновациялар қиылысында орналасқан (СЕС, 2003). ЕС (excellence networks) артықшылық желілерін құру тұжырымдамасының негізінде университеттердің ғылыми ортасын жаһандық деңгейде өз қатысушыларының күшті жақтарын пайдаланатын желілік құрылымдарға біріктіру идеясы жатты (EUA, 2003). Хэмптон кортында өткен Еуропалық жиналыста (2005) университеттер ҒЗТҚЖ-мен қатар Еуропалық бәсекеге қабілеттіліктің негізі деп аталды (СЕС, 2006).

Қазіргі университеттер инновацияға бағытталған қауіпті бастамаларға эксперименталды бағытталған тәсілдер үшін шығармашылық кеңістік

құратын экожүйелерді қалыптастыру жолымен жүруде. Бұл жолда кәсіпкерлік университеттердің қалыптасуы жүреді, өйткені университеттің экожүйелері ғылым мен технологияны, академиялық және іскерлік серіктестікті байланыстыратын пәнаралық кеңістікті ұйымдастыруға ықпал етеді. Бұл жерде білім шығармашылық арқылы инновацияға айналады, ал коммерциялық, әлеуметтік, саяси жаңа бастамалардың модельдері академиялық ортаның шегінен шығарылады. сөйтіп университеттердің миссиясы кеңейе түсуде, яғни білім беру және ғылыми зерттеулермен қатар олардың міндеті қоғамды өзгертетін әлеуметтік-экономикалық бастамаларға ие болып табылады. Кәсіпкерлік университет ғылыми зерттеулер мен академиялық кәсіпкерлік арасындағы үйлесімді байланыстың дамуына ықпал етеді, ал оның экожүйесі ғылыми жаңалықтың ресурстарын коммерциялық әлеуетпен ұлғайтуға қабілетті болғандықтан ол өміршең бизнеске айналады [5].

Демек, инновациялық және кәсіпкерлік университет кәсіпкерлік қызмет салаларын икемді түрде өзгерту және әртараптандыру, яғни өзін-өзі динамикалық жаңарту жағдайында болу үшін ғылым мен техниканың дамуындағы экономикалық маңызды жаңалықтарды болжап, қадағалап отыруы керек. Мұндай университеттің маңызды ерекшелігі студенттердің әлеуметтік-экономикалық саладағы құзыреттерін кеңейту және оларды тікелей экономикалық қызметке қосу болып табылады.

Кәсіпкерлік білім беруде белгілі бір өзгерістер болатыны мәлім. Ал сол өзгеріс неге байланысты және қалай жүреді деген заңды сауал туындайды. Осы ретте трансформацияның бес элементтен тұратынын айтқан жөн: «олар қажетті минимум бес элементтен тұрады: күшейтілген бағыттаушы ядро (a strengthened steering core); дамудың кеңейтілген перифериясы (an enhanced development periphery); әртараптандырылған қаржыландыру базасы (a discretionary funding base); ынталандырылатын академиялық тірек (Stimulated academic heartland); интеграцияланған кәсіпкерлік мәдениет (an integrated entrepreneurial culture)» [6].

Еуропадағы кәсіпкерлік білім берудің бастамасының жүзеге асырылу ретроспективасына келетін болсақ, «Ұлыбританиядағы Уорвик университеті – Еуропалық университеттерде кәсіпкерлік қызметті жүйелі түрде зерттеуді бастау үшін қолайлы орын. 1990-шы жылдардың ортасында бұл университет Еуропа үшін және мүмкін әлемнің басқа бөліктері үшін үлгілі кәсіпкерлік орталығы ретінде берік беделге ие болды. Уорвик 1960 жылдары құрылғандықтан, оның қызметінің ерекше сипатын қалыптастыруға небары үш онжылдық кетті – университет стандарттары бойынша ұзақ уақыт емес. 1980 жылдардың басында басталған бұл ерекшеліктің қалыптасуына әкелген шешуші қадамдар болды. Келесі жарты онжылдықта оның қайта

құрылуының маңызды бағыттары әзірленіп, институционализацияланған уақытқа айналды. Бірақ алдыңғы жылдар да үлкен маңызға ие болды, өйткені сол кезде оның қызметін анықтайтын кейбір бұйрықтар орнатылды. Басынан бастап Уориктің жолы қиын болды. Мысалы, 1960 жылдардың аяғында, ашылғаннан бірнеше жыл өткен соң, университет радикалды наразылықтың нысаны және студенттердің толқуларының орны болды, ол біраз уақытқа дейін сынға ұшырады. Уорвик тарихы – бұл үлкен кедергілерді жеңу және жеңу тарихы, өзін-өзі анықтау тарихы» [6].

Жоғарыдан байқағанымыздай, кәсіпкерлік университеттердің құрылуы мен дамуы оңайға соқпағаны, жалпы кәсіпкерлік білім беру ұғымын қалыптастырудың өзі батыл шешімдер мен қадамдардан тұрғандығын бағамдаймыз.

Ресейдегі кәсіпкерлік университеттердің дамуы мен рөліне тоқталатын болсақ, мынадай деректерге назар аударалық: «Кәсіпкерлік университеттер ретінде жаңа типтегі университеттердің қарқынды дамуы 2009 жылы Ресейдің жетекші университеттерін қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның қабылдануымен басталды. Оны іске асыру жаңа университеттер – федералды университеттер мен Ұлттық зерттеу университеттерін құру арқылы жоғары білім беру жүйесін кеңейтуді, сондай-ақ университеттердің инновациялық инфрақұрылымын және олардың өндірістік кәсіпорындармен ынтымақтастығын дамытуды көздейді. 2009 және 2010 жылдары «Ұлттық зерттеу университеті» санаты белгіленетін университеттерді дамыту бағдарламаларын конкурстық іріктеу жүргізілді. Алғашқы конкурстық іріктеу нәтижесінде бұл мәртебені 12 университет, оның ішінде Н. Э. Бауман атындағы ММТУ алды. Экономика жоғары мектебі, Новосібір мемлекеттік университеті, Томск политехникалық университеті, Пермь мемлекеттік техникалық университеті және т.б.

Екінші конкурстық іріктеудің нәтижесінде тағы 15 университет ҰЗУ мәртебесін алды, оның ішінде: Мәскеу мемлекеттік құрылыс университеті, Иркутск мемлекеттік техникалық университеті, И. М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті, Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті және т.б. Үкіметтің ауқымды шаралары аясында Ресейде жетекші ресейлік университеттер желісі құрылды: ерекше мәртебесі бар екі университет – М. Ломоносов атындағы ММУ және Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, 9 федералдық университет және 29 Ұлттық зерттеу университеттері, оның ішінде 9 – классикалық университеттер, 17 – техникалық бейіндегі университеттер, бір медициналық бейіндегі университет, біреуі – экономикалық, сондай-ақ Ресей Ғылым Академиясының академиялық ғылыми-білім беру орталығы. ҰЗУ жиынтығы отандық жоғары

оқу орындары жүйесінде айтарлықтай шектеулі кластерді құрайды. Ол бүгінде еліміздегі жоғары оқу орындарының жалпы санының 2,6 %-ын және зерттеу қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының шамамен 6 %-ын қамтиды. Зерттеу университеттерінің үлесіне зерттеулер мен әзірлемелермен айналысатын қызметкерлер санының 6,03 %-ы тиесілі. ҒЗУ-да студенттер мен аспиранттардың жалпы санының 5,3 %-ға жуығы оқиды. Бұл ретте Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін шетелдік оқытушылар санының төрттен бір бөлігі зерттеу университеттеріне тиесілі. Зерттеу университеттерінің ғылыми-зерттеу және дамыту шығындарының едәуір бөлігі бюджеттік қаражат болып табылады. ҰЗУ-да бұл көрсеткіш жалпы Ресей ғылымына қарағанда біршама төмен: 54 % қарсы 65 %. Бұл ретте кәсіпкерлік сектор ұйымдарымен жасалған шарттар бойынша жүргізілетін зерттеулердің үлесі Ресей бойынша орташа деңгейден екі есе жоғары (19,5 %) және 36,2 %-ды құрайды» [7].

Кәсіпкерлік университеттердің қажеттілігі жөнінде көптеген ғалымдар пікір білдіруде. Жасалған зерттеулер мен тәжірибелерге сүйенсек, «инновациялық кәсіпкерлік университеттер жоғары білім беруді, оның ішінде білімнің жоғары сапасын қамтамасыз ететін жаппай ғылыми зерттеулерді және аймақтармен өзара әрекеттесу мәселелерін табысты шешеді. Сонымен қатар бұл университеттер өздерінің материалдық базасының дамуын және қызметкерлерінің лайықты жалақысын қамтамасыз етеді» [8].

Яғни кәсіпкерлік білім беру бағытындағы білім ордалары нарық жағдайына икемделе отырып, өзінің ғылыми, өндірістік және технологиялық әлеуетін арттыра алады. Кәсіпкерлік университеттер қандай да бір шектеулерден ада болғандықтан, нарықтық экономиканың бәсекелестік алаңына түсуіне зор мүмкіндіктер туады.

Сондай-ақ, университеттің жалпы, жан-жақты дамуына жол ашады, әлемдік тенденциялар мен трендтерге икемделе отырып, кәсіпкерлік білімнің негізінде көптеген мәселелерді шешіп, қоғамға өз идеялары мен қызметтерін ұсына алады. «Университет кәсіпкерлік университеттің идеологиясын дамытады, яғни оның институционалдық тәуелсіздігі мен академиялық еркіндігін, академиялық ұтқырлығын, көлемін ұлғайтады және іргелі және қолданбалы зерттеулердің әлемдік деңгейін, университеттің күнделікті оқу жұмысына кәсіпкерлік қызметті интеграциялауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар аймақтық экономиканың дамуына қатысады, бизнес пен үкіметтің өзара әрекеттесу саласында гибридті ұйымдық форматтарды қалыптастыруға дайын екендігін көрсетеді» [9].

Кәсіпкерлік білім беруді қарқынды түрде дамытуды қолға алатын болсақ, білім сапасының артуына үлесін тигізеді, алынған білім мен

дағдылардың нәтижелерін коммерциализациялаудан университетке қомақты пайда әкелуге болады. «Кәсіпкерлік білім берудің жоғары мақсаты университеттердің өз өнімін коммерцияландыру қабілеттілігі және одан да маңыздысы, болашақ бизнес үшін негіз ретінде студенттік стартаптарды құруға және олардың қызметіне қатысу арқылы университет түлектерінің өздерінің инновациялық идеяларын коммерциализациялау қабілеті болуы керек. Осыған байланысты Қазақстандағы жоғары білім берудің қазіргі даму кезеңі кәсіпкерлік білім берудің инновациялық моделін іздеумен сипатталады. Бәсекеге қабілетті кадрларды дайындаудың құралы ғана емес, сонымен қатар республика экономикасының инновациялық даму орталықтары болып табылатын жоғары оқу орындары кәсіпкерлік білім берудің маңызды субъектісіне айналуы керек. Кәсіпкерлік білім берудің табысты дамуы сауатты кәсіпкерлік экожүйенің болуын талап етеді. Мұндай сәтті дамудың қолайлы ортасы тек теориямен ғана емес, сонымен қатар студенттер білім мен дағдыларды игеретін эксперименттік әдістер – іскерлік ойындар жүргізу, жағдайлар мен тәжірибелерді зерттеу, табысты кәсіпкерлердің тәжірибесімен танысу және кәсіпкерлік дағдыларды өмірде іс жүзінде қолдану мүмкіндігін қолданғанда жүзеге асатын болады» [10].

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, кәсіпкерлік білім берудің ерекшеліктері, артықшылықтары мен рөлі, қажеттілігі аса маңызды да өзекті екені сипатталды. Кәсіпкерлік білім беру мәртебесіндегі университеттер өз даму траекториялары мен моделін жасап, кәсіпкерлік экожүйенің нарық талабына сай болуын қамтамасыз етсе, бірқатар мәселелердің түйінін шешуге болатын еді.

Қорытынды

Қазақстанда, ТМД-ның басқа елдеріндегідей, бизнес білім беру жаңа бағыт ретінде XX ғасырдың 80-жылдарының аяғы мен 90-жылдарының басында пайда болды. Бизнес-білім беру сегментінің жалпы кәсіптік экономикалық білімнен бөлінуі мемлекеттік егемендік пен экономикалық тәуелсіздік алуға, экономикалық қатынастардың жаңа түріне көшуге, кәсіпкерлік пен жеке меншік институтының дамуына байланысты құрылымдық өзгерістер мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты болды. Елде жоспарлы-шаруашылықтан нарықтық экономикаға көшу жағдайында нарықтық қатынастар, менеджмент және маркетинг, бизнес және кәсіпкерлік, бухгалтерлік есеп және аудит, қаржы-кредит тетігі, халықаралық экономикалық қатынастар және т.б. саласында білімі бар мамандарды даярлау қажеттілігі туындады.

Қазақстандық бизнес мектептердің ішінде Халықаралық бизнес академиясын (ХБА), КИМЭП, Халықаралық бизнес университетін (UIB),

Т. Рысқұлов атындағы ҚазӘУ Халықаралық Бизнес мектебін атап өткен жөн. 2012 жылы Астана қаласында Назарбаев Университетінің Жоғары мектебі ашылды, ол халықаралық стандарттарға сәйкес халықаралық деңгейдегі Бизнес Мектебі болуға тиіс. Бизнес-мектептер жүзеге асыратын ең танымал бағдарламалардың ішінде бизнесті басқару магистрі (МВА), бизнесті басқару докторы (DBA), сондай-ақ менеджерлердің кәсіби даму бағдарламалары бар. Қос дипломның халықаралық бағдарламалары, мысалы, Халықаралық Бизнес Академиясында іске асырылатын НЕСПЕН (Франция), MSM (Нидерланды), РАНХиГС (Ресей) бірлескен бағдарламалары, Тұрар Рысқұлов атындағы ҚазӘУ-де іске асырылатын Еуропа университетімен (Швейцария), МИРБИС институтымен, РФ Қаржы Академиясымен (Ресей) IBS халықаралық қос дипломды бағдарламалары үлкен танымалдылыққа ие. Ең танымал бағыттар (мамандандырулар) арасында - стратегиялық менеджмент, қаржылық менеджмент, адам ресурстарын басқару, стратегиялық маркетинг және т.б.

ДЭФ-тің жаһандық бәсекеге қабілеттілік жөніндегі 2013-2014 жылғы есебіне сәйкес «бизнес мектептердің сапасы» (quality of management schools) санаты бойынша Қазақстан 148-дің 96-шы позициясын (бұрын бұл көрсеткіш 144-тің 103-іне теңелген) алып отыр.

Посткеңестік кеңістіктегі басқа елдермен салыстырғанда, 2013 жылы Қазақстан Осы санат бойынша Балтық елдерін өзіне өткізіп, Ресейден (113), Украинадан (115), Армениядан (120), Молдовадан (133), Әзірбайжаннан (134), Қырғызстаннан (139) алда келеді. Батыс елдерінен бизнес-мектеп пен посткеңестік елдердің айтарлықтай артта қалуы ТМД елдері үшін бизнес-білім беру жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі салыстырмалы түрде жаңа бағыт болып табылатындығымен түсіндіріледі. Батыс бизнес мектептерінің 130 жылдық тарихы болса, қазақстандық бизнес-білім беру нарығы 25 жылдан аспайды [7].

Еліміздегі бизнес мектептердің санатына бүгінде кәсіпкерлік мәртебесін алған Торайғыров университеті де енеді. Кәсіпкерлік білім беруді дамыту мақсатында Торайғыров университетінде International Startup Academy құрылды. Осы күнге дейін кәсіпкерлікті нығайту бағытында түрлі инновациялық зерттеулер жүргізіп келеді. Университеттің Бизнес инкубаторы стартап жобаларды оқыту, оларды дамыту, алғашқы қаржыландыруды алу және нарыққа шығару мақсатын көздейді.

ISA бизнес инкубаторы мынадай салаларда стартап жобалармен жұмыс істейді: IT, Education, Innovative research, Hardware projects, Agriculture.

2017-2018 жылдар аралығында стартап академиясынан 248 жоба, 6 Startup Weekend, 2 DEMO DAY, 3 Хакатон өткізілді.

Стартаптар түрлі салалардағы кез келген идеялармен қатыса алатын жалпы сипаттағы ивенттерден басқа, 2018 жылы Академия жекелеген салаларға көңіл бөле бастады.

Бірінші кезекте, IT саласын дамыту және жалпы цифрландыру тақырыбында IT HUB және Павлодар облысының ИИДМ бірлесіп 3 Хакатон өткізілді.

IT-технологиялармен байланысты стартаптар;

Flarry Brow.

– мимикамен басқарылатын ойынды НЗМ-нің 10-сынып оқушысы жасаған;

– жоспарлау кезеңінде командаға университет студенттері мен қызметкерлері шақырылды;

– нәтижесінде толыққанды графикалық интерфейсі, Face ID басқаруы бар жұмыс прототипі жасалды. Бұл ойын Қазіргі уақытта Face ID сенсорымен өзара әрекеттесу үшін жазылған әлемдегі 6-шы ойын;

– университет жобаға барлық қажетті тестілеу жабдықтарын және зияткерлік қолдауды ұсынды, iOS және Android OS нарықтарында ойынды толық іске қосу үшін Apple және Google әзірлеушілерінің аккаунттары сатып алынды.

AR-оқыту:

Үшінші жоба «Менің арманым. Startup Bolashak» оқыту процесіне интерактивті форматта қажетті ақпаратты қабылдауға мүмкіндік беретін AR – технологияларын енгізеді.

Жоба үшін барлық қажетті ресурстар, сондай-ақ Google әзірлеушісінің ресми аккаунты бар. Нәтижелер: Павлодар облысының жоғары оқу орындары мен мектептерінің 2 000-нан астам студенті қатысты, 248 стартап жоба пысықталды, 52 жұмыс орны құрылды, 3 000 000 теңге гранттық қаражат, 5 000 000 теңге таза инвестиция тартылды.

Торайғыров университетінде кәсіпкерлік білім беруді дамытудың бір тетігі ретінде жаңа Computer Science факультетін (информатика факультеті) құру туралы шешім қабылданды (2021 жылдың 10 ақпанындағы Ғылыми кеңес (№ 7 хаттама). Мамандандырумен Computer Science (CS) білім беру бағдарламасы енгізілуде. Мамандандыру екінші семестрден басталады. 2021–2022 оқу жылында 1 қыркүйектен бастап іске қосылатын CS мамандандыруы: киберқауіпсіздік, бағдарламалық жасақтама, Веб-әзірлеу, DevOps-инженерия, Графика, кеңейтілген және Виртуалды шындық. Ал 2022–2023 оқу жылында 1 қыркүйектен бастап қосымша іске қосылатын CS мамандандыруы: Зияткерлік технологиялар, Big Data және деректерді талдау, Робототехника және интернет заттары. Сондай-ақ, 2021–2022

оқу жылынан бастап оқу кезінде мынадай қосымша мамандандыруды (minor) тегін таңдауға болады: графика және дизайн, Веб-бағдарламалау, Толықтырылған және Виртуалды шындық, SMM & SEO, Бейнепродакшн, Сандық дыбыс операторы, 2022-2023 оқу жылынан бастап Ұшақ инженері, Big Data, 2023-2024 оқу жылынан бастап: Кибер-турист, Блокчейн енгізіледі.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Касперович, С. А.** О совершенствовании деятельности учреждений высшего образования на основе модели «Университет 3.0». – «Вышэйшая школа»: навукова-метадычны і публіцыстычны часопіс. – 2018. – № 2. – С. 5-7. – Минск : РИВШ <http://elib.bsu.by/handle/123456789/211748>

2 [Электрондық ресурс]. – <https://elibrary.ru/item.asp?id=44322598>

3 **Нургаева, Д. К., Нурмуханова, Г. Ж., Бугубаева, Р. О., Бегежанов, Б. А., Беспасева, Р. С.** Предпринимательские университеты и инновации. – № 2 (125). – 172–181 с.

4 «Третья миссия» университета в современной России: новации и интеллектуальные традиции. Сборник научных трудов V Сибирского философского семинара / Новосибир. гос. ун-т. Новосибирск, 2016. – 276 с.

5 **Карпов, А. О.** Университеты в обществе знаний: теория творческих пространств. Вопросы философии. – 2018. – № 1. – С. 17–29.

6 **Кларк, Б. Р.** Создание предпринимательских университетов: организационные направления трансформации / Б. Р. Кларк – «Высшая Школа Экономики (ВШЭ)», 1998 – (Библиотека журнала «Вопросы образования») – 139 с.

7 **Орсариев, А. А., Ахметова, Г. Г., Крол, А., Нургожин, Р. Ж., Ушакова, Н. М.** Развитие предпринимательского образования в многопрофильном Павлодарском государственном университете имени С. Торайгырова : учебное пособие / А. А. Орсариев, Г. Г. Ахметова, А. Крол, Р. Ж. Нургожин, Н. М. Ушакова. – Павлодар : Кереку, 2016. – 85 с.

8 [Электрондық ресурс]. – http://ecsocman.hse.ru/data/779/093/1217/017-GRUDZINSKIJ_A.O.pdf

9 [Электрондық ресурс]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/na-puti-k-predprinimatelskomu-universitetu>

10 **Маралбаева, Ш. М., Никифорова, Н. В., Хан, И. Г.** Основные парадигмы предпринимательского образования в вузах: казахстанский и международный опыт. – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – № 4(84). – 2020. – 126–140 с.

References

- 1 **Kasperovich S. A.** O sovershenstvovanii deyatelnosti uchrezhdeniy vysshego obrazovaniya na osnove modeli «Universitet 3.0» [Improving the activities of higher education institutions on the basis of the "University 3.0" model]. – «The highest school» : navukova-metadachny I publitsystychny Chapel. – 2018. – No. 2. – P. 5–7. – Minsk : RIVSH <http://elib.bsu.by/handle/123456789/211748>
2 [Electronic resource]. – <https://elibrary.ru/item.asp?id=44322598>
- 3 **Nurtayeva, D. K., Nurmukhanova, G. Zh., Bugubayeva, R. O., Begezhanov, B. A., Bespayeva, R. S.** Predprinimatel'skiye universitety i innovatsii [Entrepreneurial universities and innovations]. – № 2 (125). 172–181 p.
4 «Tret'ya missiya» universiteta v sovremennoy Rossii: novatsii i intellektual'nyye traditsii [The «third mission» of the University in modern Russia: innovations and intellectual traditions. Collection of scientific works of the V Siberian Philosophical Seminar] / Novosibirsk State University. – Novosibirsk, 2016. – 276 p.
- 5 **Karpov, A. O.** Universitety v obshchestve znaniy: teoriya tvorcheskikh prostranstv [Universities in the knowledge society: the theory of creative spaces]. – Questions of philosophy. – 2018. – No. 1. – P. 17–29.
- 6 **Klark, B. R.** Sozdaniye predprinimatel'skikh universitetov: organizatsionnyye napravleniya transformatsii [Creating entrepreneurial universities: organizational directions of transformation] / B. R. Clark – «Higher School of Economics (HSE)», 1998 – (Library of the journal «Questions of Education». – 139 p.
- 7 **Orsariyev, A. A., Akhmetova, G. G., Krol, A., Nurgozhin, R. Zh., Ushakova, N. M.** Razvitiye predprinimatel'skogo obrazovaniya v mnogoprofil'nom Pavlodarskom gosudarstvennom universitete imeni S. Toraygyrova : uchebnoye posobiye [Development of entrepreneurial education in the multidisciplinary Pavlodar University of S. Toraygyrov]. useful suggestion / A. A. Orsariyev, G. G. Akhmetova, A. Krol, R. Zh. Nurgozhin, N. M. Ushakova. – Pavlodar : Kereku, 2016. – 85 p.
8 [Electronic resource]. – http://ecsocman.hse.ru/data/779/093/1217/017-GRUDZINSKIY_A.O.pdf
- 9 [Electronic resource]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/na-puti-k-predprinimatelskomu-universitetu>
- 10 **Maralbayeva, Sh. M., Nikiforova, N. V., Khan, I. G.** Osnovnyye paradigmy predprinimatel'skogo obrazovaniya v vuzakh: kazakhstanskiy i mezhdunarodnyy opyt [The main paradigms of entrepreneurial education in

universities are: Kazakhstan and international experience]. – Bulletin of the Kazakh National Women's Pedagogical University. – № 4(84). – 2020. – 126–140 p.

Матерриал 28.06.21 баспаға түсті.

**С. С. Аубакирова, Г. А. Жумабекова, Г. Т. Артықбаева, З. С. Исакова, Р. Г. Жаябаева*

Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 28.06.21.

РАЗВИТИЕ И РОЛЬ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В этой статье рассматривается развитие и роль, особенности, преимущества и потребности обучения предпринимательству в университетах. Выявлена потребность студентов в формировании системы предпринимательского мышления и создании волны новых инновационных, технологических проектов.

Описаны развитие и особенности предпринимательского образования за рубежом, в России и Казахстане. Представлен и сопоставлен опыт бизнес-образования в развитых странах. Анализируются понятие предпринимательского образования, его потребности и результаты. Он также описывает роль и эффективность академии стартапов в бизнес-образовании. Определено развитие и роль Торайгыров университета в предпринимательском образовании. Рассмотрены фактические результаты, достигнутые стартапом на основе проектного обучения.

Помимо общих мероприятий, в которых могут участвовать стартапы с любыми идеями в различных сферах, университет стал уделять больше внимания отдельным направлениям и провел три хакатона по развитию ИТ и общей цифровизации совместно ИТ HUB и MID Павлодарской области. ИТ-стартапы: Flarry Grow, а также AR-тренинг: «Моя мечта. Стартап Болашақ» внедрил в учебный процесс AR-технологии, позволяющие получать необходимую информацию в интерактивном формате.

Ключевые слова: предпринимательское образование, предпринимательский университет, предпринимательское мышление, преимущества предпринимательского образования, стартап Академия.

*S. S. Aubakirova, G. A. Zhumabekova, G. T. Artykbaeva, Z. S. Iskakova,
R. G. Zhayabaeva

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 28.06.21.

DEVELOPMENT AND ROLE OF ENTREPRENEURIAL EDUCATION

This article examines the development and role, features, benefits and needs of entrepreneurship education in universities. The need of students in the formation of a system of entrepreneurial thinking and the creation of a wave of new innovative, technological projects is revealed.

The development and features of entrepreneurial education abroad, in Russia and Kazakhstan are described. The experience of business education in developed countries is presented and compared. The concept of entrepreneurial education, its needs and results are analyzed. He also describes the role and effectiveness of the startup academy in business education. The development and role of the Toraighyrov University in entrepreneurial education has been determined. The actual results achieved by a startup based on project-based training are considered.

In addition to general events in which startups with any ideas in various fields can participate, the university began to pay more attention to individual areas and held three hackathons on the development of IT and general digitalization jointly IT HUB and MID of Pavlodar region. IT startups: Flappy Brow, as well as AR training: «My dream. Startup Bolashak »has introduced AR-technologies into the educational process, allowing to receive the necessary information in an interactive format.

Keywords: entrepreneurial education, entrepreneurial university, entrepreneurial thinking, advantages of entrepreneurial education, startup Academy.

Теруге 28.06.2021 ж. жіберілді. Басуға 12.07.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,84 Мб RAM

Шартты баспа табағы 15,8.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3795

Сдано в набор 28.06.2021 г. Подписано в печать 12.07.2021 г.

Электронное издание

1,84 Мб RAM

Усл.п.л. 15,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3795

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

pedagogic-vestnik.tou.edu.kz